

**Қазақстан Республикасының Мұнай және газ өнеркәсібі министрлігі орталық аппаратының құрылымы туралы**

*Күшін жойған*

Қазақстан Республикасы Үкіметінің қаулысы 1997 жылғы 18 ақпан N 231. Күші жойылды - ҚРҮ-нің 1997.04.23. N 646 қаулысымен. ~P970646

Қазақстан Республикасының Үкіметі қаулы етеді:

1. Қазақстан Республикасының Мұнай және газ өнеркәсібі министрлігі орталық аппаратының құрылымы қосымшаға сәйкес осы аппарат қызметкерлері шекті санының негізінде 58 адам болып бекітілсін.

2. Қазақстан Республикасы Мұнай және газ өнеркәсібі министрлігіне министрдің 3 орынбасарын, оның ішінде бір бірінші орынбасар, сондай-ақ саны 13 адамдық алқа ұстауға рұқсат етілсін.

3. Қазақстан Республикасының Мұнай және газ өнеркәсібі министрлігінің орталық аппараты үшін 4 қызметтік жеңіл автомобиль лимиті белгіленсін.

4. Мыналардың күші жойылған деп танылсын:

"Қазақстан Республикасының Мұнай және газ өнеркәсібі министрлігі орталық аппаратының құрылымы туралы" Қазақстан Республикасы Үкіметінің 1995 жылғы 19 желтоқсандағы N 1794 қаулысы;

"Қазақстан Республикасы Үкіметінің 1995 жылғы 19 желтоқсандағы

N 1794 қаулысына өзгерту енгізу туралы" Қазақстан Республикасы Үкіметінің 1996 жылғы 8 сәуірдегі N 404 қаулысы;

"Қазақстан Республикасы Үкіметінің жекелеген шешімдеріне өзгерістер енгізу туралы" Қазақстан Республикасы Үкіметінің 1996 жылғы 24 қазандағы N 1293 қаулысының 3-тармағы.

Қазақстан Республикасының  
Премьер-Министрінің  
бірінші орынбасары

Қазақстан Республикасы  
Үкіметінің  
1997 жылғы 18 ақпандағы  
N 231 қаулысына

ҚОСЫМША

Қазақстан Республикасының Мұнай және газ өнеркәсібі  
министрлігі орталық аппаратының  
ҚҰРЫЛЫМЫ

Басшылық  
Өндірістік-қаржы бағдарламасы  
Техникалық саясат бөлімі  
Инвестициялық саясат басқармасы  
Сыртқы байланыстар бөлімі  
Жалпы бөлім

© 2012. Қазақстан Республикасы Әділет министрлігінің «Қазақстан Республикасының Заңнама және құқықтық ақпарат институты» ШЖҚ РМК